



«Карағанды облысының  
экономика басқармасы» ММ

2019 жылғы «09» коркыншылдан  
№ 196 бүйрыйғымен  
бекітілген

The image shows a circular blue official stamp of the Ministry of National Education of Kazakhstan. The text "МЕДІА-ПЛАННІНГ" is at the top, followed by "МІНИСТЕРСТВО НАЦИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ КАЗАХСТАНА" around the perimeter. In the center, it says "9 09.09.2019". Overlaid on the bottom right of the stamp is the handwritten signature "бекітілген" (verified).

**Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасының  
«Жезқазған қаласының жоғары медициналық колледжі»  
шаруашылық жүргізу құқығындағы  
коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынының  
**ЖАРҒЫСЫ****

## 1. Жалпы ережелер

1. Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасының «Жезқазған қаласының медициналық колледжі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны (бұдан әрі - Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік – кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.
2. Кәсіпорын Қарағанды облысы әкімдігінің 2019 жылғы 20 тамызындағы №49/04 «Денсаулық сақтау ұйымын қайта ұйымдастыру туралы» қаулысына сәйкес құрылды.
3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Қарағанды облысының әкімдігі болып табылады.
4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік коммуналдық құқығын Қарағанды облысының әкімдігі жүзеге асырады.
5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып табылады.
6. Кәсіпорынның атауы:  
мемлекеттік тілде: Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасының «Жезқазған қаласының жоғары медициналық колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны;  
орыс тілінде: Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Высший медицинский колледж города Жезказган» управления здравоохранения Карагандинской области.
7. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, 100600, Жезқазған қаласы, Тарадай көшесі, 8.

## 2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорынның дербес тенгерімі, заңнамага сәйкес банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.
9. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.
10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сай өзінің филиалдары мен өкілдіктерін құра алады.
11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

## 3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорын қызметінің мәні білім беру және денсаулық сақтау саласында өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты техникалық және кәсіптік білімі бар білікті мамандар дайындау, еңбек нарығының талабын ескеріп, тұрақты түрде білікті мамандарды дайындау және қайта дайындауды жетілдіру және халыққа медициналық көмек көрсету.

14. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

- 1) білім беру:  
емдеу ісі 0301000;  
мейірбикелік іс 0302000;  
стоматология 0304000;  
лабораториялық диагностика 0305000;

орта медициналық білімі бар кадрларды қайта дайындау, негізгі жалпы, орта (толық) және бастауыш кәсіптік білім беру негізінде жеке тұлға білімінің терендету және кеңейту қажеттілігін қанағаттандыру;

косымша кәсіптік білім беру мамандардың дипломнан кейінгі бағдарламасы бойынша (мамандандыру немесе жетілдіру түрінде), кәсіпорын мамандықтары бойынша, кәсіпорын мамандарды кәсіптік қайта дайындау бағдарламасы бойыдана камтамасыз етіледі;

оқу үрдісін жүргізу, медициналық ғылым және денсаулық сақтаудағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталған ізденіс жұмысымен, ғылыми зерттеулермен тығыз байланысты болу;

тәжірибелінің барлық түрлерін өту үшін оқу-кеңес кешенін жетілдіру; оқушыларға жоғары өнегелі психологиялық қасеит дарыту;

ұжымның әлеуметтік және өндірістік дамуы, қазіргі заманғы материалдық базасын калыптастыру, жоғары өнімді еңбек және сапалы демалу үшін қолайлы мүмкіндік жасау, еңбегі, әлеуметтік әділдік бойынша болу үстанымын жүйелі каматамасыз ету болып табылады;

шарт негізінде оқыту;

жеке оқушылармен пәндер бойынша оқу жоспары бойынша сағаттан тыс косымша жекеше сабак өткізу;

мемлекеттік жалпы міндетті стандарттар аясында білім беру бағдарламасына сәйкес оқушыларды қосымша терендетіп оқыту;

окушылардың денсаулығын қорғау және шынықтыруға бағытталған қосымша шынықтыру-сауықтурұр бағдарламалары;

- 2) медициналық:

келесідей тізім бойынша медициналық қызмет көрсету:

алғашқы медициналық-санитариялық көмек: дәрігерге дейінгі;

ересектерге және (немесе) балаларға мына мамандықтар бойынша амбулаториялық емханалық көмек: консультациялық диагностикалық көмек: стоматология;

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексімен тыйым салынбаған басқа да медициналық қызмет түрлері.

15. Осы Жарғыда бекітілмеген және мақсаты мен жүйесіне сай келмейтін қызмет түрлерімен айналысуға, келісім жасауға кәсіпорын құқықсыз.

16. Қазақстан Республикасының шектеулі зандары немесе құрылтайшы құжаттарына сүйеніп жасалған кәсіпорынның мақсаты мен қызмет түріне қайши

4

келетін, немесе директордың Жарғы құзіретіне жатпайтын, бұзушылықтармен жасалған мәміле, «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің, Қарағанды облысы әкімдігінің немесе прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

#### 4. Кәсіпорынды басқару

17. Қарағанды облысының әкімдігі:

- 1) Кәсіпорынның құрылуы, қайта құрылуы және таратылуы туралы шешімдерді қабылдайды;
- 2) Кәсіпорын мүлкін қолдану, оның ішінде оны кепілдікке беру туралы шешім қабылдайды.

«Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесі:

- 1) Кәсіпорын Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтыруларды енгізеді;

2) коммуналдық мулікті Кәсіпорынға бекітеді;

3) Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктерін құруына келісім береді;

4) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, коммуналдық заңды тұлғаларға өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды.

«Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқарамасы» мемлекеттік мекемесі:

1) Кәсіпорындар қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстарының (көрсететін қызметтерінің) міндетті көлемдерін айқындайды;

2) Кәсіпорындардың даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарының орындалысына бақылау және талдау жүргізеді;

4) Кәсіпорын мүлкінің пайдалануы мен сақталуына бақылауды қамтамасыз етеді;

5) Кәсіпорын мүлкіне есеп жүргізуді ұйымдастырады, оның тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

6) Кәсіпорынның таза табысының белгіленген бөлігінің бюджетке толық және мерзімінде аударылуына бақылауды жүзеге асырады;

7) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілдіктерді жүзеге асырады.

18. Кәсіпорынның директоры оның органы болып табылады.

19. «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі Кәсіпорынның директорымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

20. Кәсіпорын директоры дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Заңнамамен және осы Жарғымен

айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді, егер Заңнамалық актілерімен және осы жарғымен өзгеше белгіленбесе.

### 21. Директор:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорын қызметкерлерінің барлығына міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеген шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады;

8) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін «Қарағанды облысының денсаулық сактау басқармасы» мемлекеттік мекемесіне кандидатуралар ұсынады;

9) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

10) жеке жауаптылықта болады:

қаржы - шаруашылық қызметіне және Кәсіпорын мүлкінің сақталуы үшін; таза табыстың белгіленген бөлігін уақтылы бюджетке аудармағаны үшін;

11) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

22. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару бойынша барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.

## 5. Кәсіпорынның мүлкі

23. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның тенгерімінде көрсетілгенді Кәсіпорынның активтері құрайды.

24. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

25. Кәсіпорын мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктен;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

26. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

27. Шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайши келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртілпен жүзеге асырылады.

28. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртілпен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

29. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтіндегі уындарды.

30. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

31. Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртілпен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңың 144, 154, 162 - баптарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

32. Кәсіпорын «Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жазбаша келісімімен «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің ұсынысы бойынша құқылы:

1) филиалдар, өкілдіктер құруға.

33. Кәсіпорын оған шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

34. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі немесе меншік иесі «Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесі өзгеше белгіленбесе, осы Жарғының 32 және 33 – тармақтарында көрсетілген мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны Кәсіпорын дербес пайдаланады.

## **6. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру**

35. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртілпен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

36. Кәсіпорындар таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінең кешіктірмей жүргізеді.

37. Кәсіпорын өзі өндірген өнімді дербес өткізеді.

38. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Қәсіпорының жарғысында көзделмеген, қызметті жүзеге асырудан осы қәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мұлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

## **7. Қәсіпорының жарғылық капиталы**

39. Қәсіпорының жарғылық капиталы 186 064 479 (жүз сексен алты миллион алпыс төрт мың төрт жүз жетпіс тоғыз) теңгені құрайды.

Жарғылық капиталды меншік иесі (құрылтайшы) Қәсіпорының мемлекеттік тіркелуі кезіне толық қалыптастыруы тиіс.

## **8. Қәсіпорының есепке алуы мен есептілігі**

40. Қәсіпорының бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің келісімі бойынша халықаралық стандарттарына сәйкес Қәсіпорының директоры бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

41. Қәсіпорының жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

## **9. Қәсіпорының жауапкершілігі**

42. Шаруашылық жүргізу құқығындағы Қәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді және мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

43. Мемлекет құрылтайшының, «Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесінің немесе «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ іс-әрекеттерінен туындаған банкроттық жағдай болса. Бұл жағдайларда мемлекет Қәсіпорының қаражаты кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша жауап береді.

## **10. Қәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу**

44. Қәсіпорының еңбекақы төлемі қорының мөлшерін жыл сайын «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі белгілейді.

45. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлық ақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес айқындайды.

46. Кәсіпорын директорының, оның орынбасарларының, бас (ага) бухгалтердің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі белгілейді.

## **11. Еңбек ұжымымен өзара қатынас**

47. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

48. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

## **12. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату**

49. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Қарағанды облысы әкімдігінің шешімімен жүзеге асырылады.

50. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

51. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырганнан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін «Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесі қайта бөледі.

52. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

## **13. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

53. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ ұсынымы бойынша «Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесінің бүйрүғымен енгізіледі.

**Қарағанды облысы денсаулық  
сақтау басқармасының  
«Жезқазған қаласының жоғары  
медициналық колледжі» ШЖҚ КМК  
директоры**

(колы)

**М. А. Молдина**